

## Жаңа Қаратон кентінің шекарасын белгілеу туралы

Атырау облысы Жылдый ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № 344 қаулысы және Атырау облысы Жылдый аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 53-2 бірлескен шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда № 4799 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6, 31 баптарына сәйкес, Жылдый ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жылдый аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. Жалпы аумағы 698,0 гектар және ұзындығы 11357 метр болып Жаңа Қаратон кентінің шекарасы осы бірлескен қаулының және шешімнің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары (Ж. Рашев) және аудандық мәслихаттың экология, ауыл шаруашылығы, агроенеркесіп, заңдылықты сақтау, құқық тәртібі және депутаттық этика мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына (Т. Майлыбаев) жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген құннен бастап құшіне енеді, олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Жылдый ауданының әкімі

Сессия төраймы

Мәслихат хатшысы


Х. Жамалов

С. Мамбетова

С. Таласов

Жылдый ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 30 қарашасы № 344 мен Жылдый аудандық мәслихатының 2020 жылғы 2 желтоқсаны № 53-2 бірлескен қаулысы мен шешіміне қосымша

Жаңа Қаратон кентінің шекарасы



Условные обозначения/ Шартты белгілер

- проектируемая граница населенного пункта/  
елді мекеннің жобалану шекарасы
- застроенная граница села/  
елді мекеннің салынған шекарасы
- дорога/  
жолдар

Шекараның жалпы аумағы – 698,0 гектар

Шекараның ұзындығы – 11357 метр

Жылой ауданының әкімі

Сессия төрайымы

Х. Жамалов

С. Мамбетова

*Мәслихат хатшысы*

*C. Таласов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖКРМК